

солнечным лучам, приходится поток солнечной энергии мощностью примерно 1 кВт. В сельском доме свободной площади намного больше для размещения солнечных систем, начиная с маленького участка в 6 соток. Задача каждого казахстанца начать хотя бы с малого, чтобы в будущем наши дети смогли дышать чистым воздухом и пить чистую воду.

Литература

1. Гейдаров М.М. Финансирование и кредитование инвестиций/Алматинский коммерческий институт.-Алматы, 2009.
2. Негашев Е.В. Анализ финансов предприятия в условиях рынка: Учебное пособие.- М.: Высшая школа,2009. -297 с.;
3. <http://solvency.boom.ru/methods.html>.

Тусупбаева Б.С. аға оқытушы
(Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)
Омарбекова Ә.Қ., 3 курс студенті,
(Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ҚАЗАҚСТАН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖОЛЫНДА

Қазіргі кезде қоғам «жасыл» экономика сөзінің мәнісін әр түрлі түсінеді. Бірі бұл елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары деп түсінеді. Басқалары бұл сөзді табиғатқа көмектесуге және пайда келтіруге бағытталған жаңа технологиялар ретіндегі экожүйенің өзіндік түрі деп есептейді. Үшіншілері, бұл мақсаты экологиялық таза өнімдерді құру болып табылатын дамудың жаңа кезеңіне ауысу деп есептейді.

Түсінікті анықтаудың барлық осы жолдары сөздің мағынасына өте жақын. «Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Біз үнемі климаттың өзгеруі, Жер атмосферасының ластануы, ормандардың кесілуі және басқа экологиялық мәселелер жөнінде газет беттерінен және журналдардан, теледидар экрандарынан, интернет сайттарынан оқимыз және естиміз. Жағдай еш өзгермей жатыр деп айтуға да болмайды. Көптеген елдер Киот хаттамасына қол қойып, оның нормаларын қатаң ұстануда.

Соған қарамастан, адамдардың Жер экологиясына негативті әсері жалғасып және ол қайғылы одан қоса тұрақты салдарға жиі әкеліп жатыр. Адамдардың денсаулығы нашарлап, бұрын адам баласы естімеген ауруларға кезігіп, су және энергия ресурстарының тапшылығы байқалып отыр.

Өкінішке орай, экология мәселелері және оның барлық аймақтар дамуына қандай қауіпті әсері болатындығын Қазақстанда өте жақсы біледі. Біздің ел кеңес кезінен бастап, Аралдың құрғап кетуі және Семей полигоны сияқты экологиялық мәселелерді бастан кешті. Адамдардың тікелей қатысуымен және су ресурстарын негізді қолданбауы салдарынан теңіз құрғап қалды. Қызылорда облысының тұрғындары экологиялық

баланстың бұзылуы салдарынан және негізсіз шаруашылық қызмет еткеннен, қорқынышты жайттарды өзбастарынан кешті.

Осы аталған мәселелерге қарамастан, Қазақстан әрқашан экологиясы жайлы ел деп саналатын, орасан зор территория өнеркәсіп аймақтарын бір-бірінен алыс орналастыруға мүмкіндік берді, сондықтан, олардың экологияға әсері сиректетіліп, соншалықты қауіпті болған жоқ. Бақытымызға орай, республикамызда әлі де адамзат қолы тимеген жерлер сақталған. Өнеркәсіптің даму қарқыны, еліміздің өсуі мен болжанған ресурстар тапшылығы, еліміздің Үкіметін, экологиялық мәселелерді жаңаша қарауға және Қазақстанды жасыл экономикаға өтуіне итермеледі.

Жасыл экономика бұл экономикалық теориядағы жаңа бағыттардың бірі. Ол табиғи ресурстарды «табиғи капитал» ретінде қарастырады. Осындай тәсіл, экономиканың табиғатпен байланысын және қолдану принциптерін өзгертеді де, ол мынадай шекті, қорландыру және табиғи ресурстарды жұмсау деген терминдерді анықтайды. Жасыл экономика теориясы үш негізгі принциптерге негізделеді:

- Шектелген кеңістікте ықпал етуді шексіз ұлғайту мүмкін емес;
- Шектелген ресурстар жағдайында шексіз ұлғайып жатқан талаптардың қанағаттандырылуын сұрау мүмкін емес;
- Жер бетіндегі барлығы өзара байланыста болады.

Қазіргі таңда дүниежүзінің көптеген елдері жасыл экономика принципін қабылдаған. Осы мемлекеттердің экономикалық даму саясаты өнеркәсіптік өндіріс өсімін оңтайландыруға және қоршаған ортаға үнемді көзқарасқа негізделеді.

2013 жылдың 1 маусымында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы «жасыл экономикаға» өту Тұжырымдамасы жөніндегі Жарлыққа қол қойды:

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өтуін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. ҚР «жасыл экономикаға» өту туралы Тұжырымдаманы бекітемін (әріқарай – Тұжырымдама)

2. Республика Үкіметіне

1) Тұжырымдаманы жүзеге асырудағы іс-шаралардың жоспарын бекіту;

2) Осы Жарлықтан шығатын басқа да іс-шараларды қабылдау.

3. ҚР Үкіметіне, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне, облыстардың әкімдеріне:

1) Тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып жұмыс істеу және оның жүзеге асырылуындағы іс шараларды қабылдау;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі Тұжырымдама бойынша қабылданатын құжаттардың келесілімін қамтамасыз ету

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау ҚР Президент Әкімшілігіне жүктеледі.

5. Осы Жарлық қолқойған сәттен бастап өз күшіне енеді.

ҚР Президенті Н.Назарбаев жарлығында үнемі ҚР «жасыл экономикаға» өту жөніндегі тұжырымдамасына сілтеме беріледі. Нақты іс шараларды анықтап қарайтын, жүзеге асыру қабылданған кезде ол еліміздің экономикалық дамуын әлемдік экологиялық талаптарға және стандарттарға негіздеп жасауға мүмкіндік беретін өте үлкен және кешенді құжат болып табылады.

Осы Тұжырымдаманы жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады және қолда бар құжаттар бойынша негізделеді: 2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы «Агробизнес-2020», 2010-2014 жылдарға арналған ҚР ГПФИИР, 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы, территорияларды дамыту бағдарламасы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл экономиканы дамыту» салалық бағдарламасы тағы басқа салалық бағдарламалар.

«Жасыл экономиканы» дамытудың жеті негізгі бағыттары:

Бірінші бағыт - жаңартылатын энергия көздерін енгізу.

Пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ – бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге, жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің ұстанымын айтарлықтай арттырады.

Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі. Қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді.

Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы. Бірінші кезекте бағыттың аталмыш түрі әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен (пестицидтерден) бас тартуды қарастырады. Дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» табиғи қорларға зиян келтірместен, халыққа азық-түлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

- жердің құнарлылығын басқару;
- суды тиімді пайдалану;
- өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару;
- фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған. Осылайша, мысалы қатты тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу және балама отынды алу технологиясы Алматыда іске асырылуда.

Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру. Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту. Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизелде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Жетінші бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару. Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға бағытталған.

Одан бөлек, 2014-2020 жылдарға арналған су ресурстарын басқару бағдарламасы бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Мемлекеттік бағдарлама үш негізгі бағыт бойынша іске асырылмақ: Суды үнемдеу және су ресурстарының көлемін ұлғайту бойынша шараларды жүзеге асыру арқылы халықты, қоршаған ортаны және экономика салаларын су ресурстарымен кепілді түрде қамтамасыз ету; Су ресурстарын басқару тиімділігін арттыру; Сулы экологиялық жүйелердің сақталуын қамтамасыз ету. Бұл ҚР тәуелсіздік алғаннан бері су ресурстары жөніндегі алғашқы бағдарламалық құжаты екендігін атап өткен жөн. Бұған дейін қабылданған «Ауыз су» және «Ақ бұлақ» салалық бағдарламалары сумен қамтамасыз етудің тек бір тармағы - ауыз сумен қамсыздандыру мәселелерін қарастырған болатын.

Жаңа мемлекеттік су ресурстарын басқару бағдарламасында сумен қамтамасыз ету мәселелері еліміздің орнықты дамуы мен «жасыл» экономикаға көшуі аясында белгіленген мақсат-міндеттері ескеріліп, кешенді түрде көзделген. Мәселен, бағдарламада белгіленген мақсатты индикаторлардың бірінде қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету мәселелерін халық пен экономика салаларын сумен қамсыздандыру мәселелерімен бірге қарастырылған. Бұл - ҚР орнықты және теңгерімді әлеуметтік-экономикалық даму траекториясымен жүргізілуін қамтамасыз ететін маңызды фактор.

Іс-шаралар қатары - тұжырымдаманың ең негізгі ережелерінің бірі, олар қабылданғанда энергия тиімділігі маңызды жоғарылауына және өндірісте энергия жұмсалымының төмендеуіне алып келеді. Тұжырымдамада бекітілген баламалы және қайта қалпына келетін энергия көздерін дамыту Қазақстанда өтетін ЭКСПО-2017-нің басты идеясымен үндесіп жатыр. Ұсынылған жоспар бойынша, біздің энергосебет 2030 жылға қарай, 11% -жел және күн көздерінен, 8% -атом, 10% - гидро, 21% - газ бен 49% - көмірден тұратын болады. Ал, 2050 жылға қарай, жел және күн көздерінің үлесі 39% дейін өседі, АЭС мен ГЭС үлесі 14%, газ станциялары 16% , және қалған 31% көмір станцияларынан құралады.

Осындай тәсіл, қайта қалпына келмейтін ресурстарды елеулі түрде үнемдеуге және қатты жанармаймен жұмыс істейтін станциялар, атмосфераға шығаратын қауіпті қоқыстар жағдайын елеулі түрде жақсартуға мүмкіндік береді, Тағы бір, Тұжырымдамада қозғалған маңызды мәселелердің бірі – су ресурстарын сақтау және үнемдеу.

Мамандардың болжауынша, біздің елдегі судың тым тапшылығы бұл 21 ғасырдың сұрақтары болуы мүмкін. Президентіміз «Қазақстан -2050» атты Халыққа Жолдауында нақты осы мәселеге ерекше назар аударғаны босқа емес. Көптеген мамандардың болжамдарына сүйенсек, 2030 жылға қарай су ресурстарының тапшылығы 14 млрд текше метрге дейін су құрауы мүмкін. Осы қиындықты жеңу үшін, барлық жерге су сақтайтын технологияларды қолдану, өнеркәсіптік және тұрмыстық қолданыста судың жұмсалымын төмендету, табиғи су қоймаларын ластауға жол бермеу ұсынылады. Әрине, тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін бюджеттік шығыстарды ұлғайту және жалпы сомасы, тұжырымдамада қарастырылған барлық іс шараларға қажет болатын жеке инвестицияларды тарту қажет, 2050 жылға дейін орташа, жыл сайын 3,2 миллиард АҚШ доллары. Шамамен бұл бюджеттен 1% баламалы, осы қаражаттың едәуір бөлігі инвестициялардан тартылады деп жоспарланған, ал осы тұжырымдаманың жүзеге асуы жаңа өнеркәсіп салаларын құруға және қосымша 500 мың жаңа жұмыс орындарын беруге мүмкіндік береді – жасыл экономикаға өту толығымен дер кезіндегі орынды шешім болып табылады.

Экология мәселесі баршамызға ортақ мәселе, мемлекет көптеген оңтайлы жарлықтар шығаруы немесе ғаламдық тұжырымдамаларды жүзеге асыруы мүмкін. Осы ұйғарымдар жағдайды өзгертуі немесе Қазақстандағы экологиялық ахуалды жақсартуы мүмкін.

«Шағын істер» принципін қолдана отырып, қазіргі таңда біз экологиялық жағдайлардың жақсаруына үлкен үлес қоса аламыз. Су, электр энергиясы мен басқа да ресурстарды үнемдеу тек қана қоғамдық пайда әкеліп қоймай, отбасылық бюджеттің сақталуына жол ашады.

Демалыс кезінде табиғатқа ұқыпты қарау, өз ауласында тазалық сақтау – табиғатты сақтау барысында біз мемлекеттің мойнына ауыстыратын қарапайым шындық. Көптеген елдерде азаматтардың қарапайым экологиялық нормаларды сақтауы саналы міндетке айналған. Өкінішке орай, біз үшін бұл нормалар формалды және міндетті емес болып табылады.

Егер біз Қазақстанды ұрпақ үшін сақтап қалғымыз келсе, еліміздің өсуі мен өркендеуі туралы ойлайтын болсақ, әрқайсысымыз өзіміздің санамызды өзгертіп, қоршаған ортаға көзқарасты өзгертуіміз керек.

1. "Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 496 қаулысы.
2. ҚазАқпарат - «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Мемлекет басшысының Жарлығы.
3. www.inform.kz Халықаралық ақпарат агенттігі, Қазақстанда су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарлама.

**Саурова А.М., магистр, ст.преподаватель, кафедрасы «Экономики и менеджмента»
Замбинова З.Б., магистр, преподаватель кафедрасы «Экономики и менеджмента»
(АО «Финансовая Академия»)**

ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА – ЭКОНОМИКА БУДУЩЕГО!

В обществе все чаще стало употребляться выражение «зеленая» экономика. После прошедшего Саммита «РИО + 20» Президент нашего государства предопределил этому понятию высокий приоритет как один из первостепенных факторов на пути дальнейшего развития страны.

В настоящее время общество по-разному понимает суть выражения «зеленая» экономика. Одни считают, что это новые отрасли экономики, которые улучшат природу страны. Другие понимают это выражение как новые технологии, своего рода экосистемы, которые призваны помогать и приносить пользу природе. Третьи считают, что это переход на новый этап развития, целью которого является создание экологически чистых продуктов.

Все эти подходы к определению понятия очень близки к значению выражения. «Зеленая» экономика - это экономика, направленная на сохранение благополучия общества, за счет эффективного использования природных ресурсов, а также обеспечивающая возвращение продуктов конечного пользования в производственный цикл. В первую очередь, «зеленая» экономика направлена на экономное потребление тех ресурсов, которые в настоящее время подвержены истощению (полезные ископаемые – нефть, газ) и рациональное использование неисчерпаемых ресурсов.

После проведенного Саммита «РИО + 20» силы казахстанского общества направлены на реализацию стратегии по переходу к «зеленой» экономике. По инициативе Президента Н.А. Назарбаева была разработана Концепция по переходу к «зеленой» экономике. В первую очередь, в Концепции представлен перечень приоритетных задач, главным образом нацеленных на реформирование определенных отраслей экономики.

В рамках перехода к «зеленой» экономики можно предложить:

- повысить эффективность ресурсов;
- усовершенствовать казахстанскую инфраструктуру;
- улучшить благосостояние населения;

Рассмотрим некоторые пути направления формирования зеленой экономики в Южной Корее, которые считают это направление приоритетным.

В январе 2009 года правительство Южной Кореи приняло программу мер по обеспечению "зеленого" роста экономики, предусматривающую инвестиции в развитие возобновляемых источников энергии (\$1,8 млрд), железных дорог (\$7,01 млрд), создание автомобилей с низким уровнем выбросов (\$1,8 млрд) и энергоэффективных зданий (\$6,19 млрд), рациональное использование водных ресурсов и переработку отходов (\$13,89 млрд). В июле 2009 года программа была расширена за счет принятия пятилетнего плана развития "зеленой" экономики, разделенного на три основных блока, включающих 50 проектов. В рамках первого блока выделяется \$44,3 млрд на меры по борьбе с